

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 189 – 192

UDC 371:134:811.1.161.1(07)

Z.T. Suranchieva, A.S. Makhanova

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: ai.aman.19@mail.ru

EFFECTIVE ORGANIZATION AND MANAGEMENT OF EDUCATIONAL PROCESS IN INFORMATION EDUCATIONAL SPACE

Abstract. In this article there were considered ways and features of effective organization and management of the learning process by using computer as the main tool in the area of general informational education. In modern pedagogical concepts learning is not considered only as the transfer of knowledge from teacher to student. Defining trends of modern education is the shift to student-centered education that can be provided through information and communication technologies (ICT). Similar techniques are used extensively for communication and interoperability of the teacher and the student in modern open and distance education. The modern teachers must not only have knowledge of ICT, but also to be an expert on their application in their professional activity.

Keywords: information and communication technology, educational games, interactive methods, distance learning, education of children with disabilities.

ӨОЖ 371:134:811.1.161.1(07)

З.Т. Суранчиева, А.С. Маханова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ТИІМДІ БАСҚАРУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада жалпы білім беретін мектептегі ақпараттық білім беру кеңістігіндегі негізгі құрал компьютер арқылы оқу үрдісін тиімді басқару мен ұйымдастырудың жолдары мен ерекшеліктері қарастырылған. Қазіргі заманауи педагогикалық концепцияларда оқыту оқушыға мұғалімнен берілетін білімді жеткізу үдерісі ретінде қарастырылмайды. Заманауи оқытудың анықтаушы тенденциясы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен қамтамасыз етілетін тұлғалық-бағытталған білім беру жүйесіне ауысу болып табылады. Мұндай технологиялар ақпаратты тасымалдауда, ашық және қашықтан оқытудың заманауи жүйелерінде оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасын қамтамасыз етуде кеңінен қолданылады. Қазіргі мұғалім ақпараттық-коммуникациялық технологиялар облысындағы білімді меңгеріп қана қоймай, оларды өзінің кәсіби қызметтерінде қолданудың маманы болу керек.

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, дамытушы ойындар, интербелсенді әдіс, қашықтан оқыту, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту.

Тәуелсіз туын көтерген жас мемлекетіміз білім саласында да өзіндік бағыт-бағдарын айқындап, әлемдік білім кеңістігіне шығуда жалпы білімнің жүйесі қоғам дамуымен бірге дамып, үнемі өзгерін отырады. Оқыту іс-әрекетін басқару – оған белгілі дәрежеде талап қою, педагогтың таным белсенділігін арттырып, шығармашылығын дамытатын және инновациялық білім беру мен инновациялық білім беру ортасын жасау. Мемлекеттік білім стандарты деңгейіне оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу. Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде түрлі технологияларды қолдану. Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын практикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Ал, жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген тұлғалық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, білімгер тұлғасын дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Оқу үдерісі бірнеше қызметтерді – білімдендіру, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру және ұйымдастыруды атқарады. Бұлардың бәрі кешенді іске қосылады, алайда, тәжірибелік іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру, оқу міндеттерін тиімді жоспарлау үшін олардың әрбірін өз алдына қарастырған жөн.

Оқыту іс-әрекетін басқару – оған белгілі дәрежеде талап қою, педагогтың таным белсенділігін арттырып, шығармашылығын дамытатын және инновациялық білім беру мен инновациялық білім беру ортасын жасау. Мемлекеттік білім стандарты деңгейіне оқыту үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Біртұтас педагогикалық үдерісті құраушы екі басты бірліктің біреуі – оқу үрдісі. Бұл үрдіс өте күрделі, сипаты жағынан ол тек тәрбие және даму үрдісінен кейін тұруы мүмкін. Сондықтан оған толық та жан-жақты анықтама беру қиынға соғады. Оқу үрдісі әр текті және табиғаты жағынан әртүрлі көптеген жағдаяттардың мың санды байланыстары мен қатынастарын қамтиды. Ежелгі және ортағасырлық ойшылдардың шығармаларында «оқу», «оқу үрдісі» ең алдымен оқушы мен оқытушының арасындағы білім беруді білдірген. Ғасырымыздың басында оқу ұғымы енді осы үрдісті құрайтын екі бірлікті – оқыту қызметі мен оқып – үйренуді қамтитын болды. Оқыту – оқу материалын игеруге ынталандырушы мұғалімдердің қызметін, ал оқып-үйрену ұсынылған білімдерді игеруге бағытталған оқушылар іс-әрекетін танытады. Кейінгі жылдары «оқу» ұғымы оқушылардың танымдық іс-әрекет тәсілдерін қалыптастырушы мұғалімнің басқару іс-әрекетінде, мұғалімдер мен оқушылардың бірлікті іс-әрекетін де анықталатын болды. Мұғалім мен оқушының бірлікті іс-әрекеті болған оқу үрдісінің мәні оқыту мен оқып үйренудің бірлігін анықтайды. Бүгінгі білім беру тұрғысынан оқу келесі белгілерімен сипатталады: 1) екі тараптылық; 2) мұғалім мен оқушының бірлікті әрекеті; 3) басқарым мұғалім тарапынан; 4) жоспарлы ұйымдасу және басқару; 5) біртұтастық және бірлік; 6) оқушылардың жас даму заңдылықтарына сәйкестік; 7) оқушылардың дамуы мен тәрбиесіне жетекшілік.

Педагог деңгейіндегі міндеттер: оқыту үрдісін дараландыру және ізгілендіру; білім стандарты көлемінде оқушылардың білім деңгейін бақылау және мониторинг жүйесін құру; психологиялық үрдістерді есепке алу; субъект-субъект қарым-қатынасы ретінде оқу үрдісін ұйымдастыру; мұғалімдердің біліктілігін көтеру және мамандық шеберлігін арттыру.

Білім беру мазмұны: оқытудың технологиялық құралы электронды оқулық негізінде іске асырылады.

Басқару деңгейіндегі міндеттер: ғылыми-әдістемелік тұрғыдан мұғалімдердің әдістемелік жұмысын дамыту; педагогтардың тәжірибелік жұмысына жағдай жасау; оптимальды түрде оқу жоспарларын құру; білім беру үрдісінде психологиялық-педагогикалық мониторинг жүйесін құру; мектептегі басқарудың біртұтас компьютерлік жүйесін құру. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы негізінде білім беру үрдісін басқару.

Әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстар: жаңа ақпараттық технология негізінде білім беру үрдісін ұйымдастыру; білім беру үрдісі нәтижелерін болжау.

Білім беру үрдісін сапалы ұйымдастыру – білім беру сапасын арттыру мақсатында оқытудың түрлі әдістерін тиімді қолдану. Білім беруді оқушылардың білу, орындай алу, бірігіп жұмыс жасау, жеке тұлға ретінде өзін сезіну, өзін және қоғамды өзгертуге негіздеу.

Дұрыс ұйымдастырылған оқу әрқашан дамыту қызметін атқаратыны сөзсіз, дегенмен оның нәтижелі іске асуы арнайы бағыт-бағдардың болуына тәуелді. Білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметтерімен қатар педагогика ғылымында оқудың ынталандыру және ұйымдасу қызметтері де өз алдына қарастырылуда. Оқу үдерісін шәкірттерді алдағы оқу-танымдық жұмыстарға еріксіз тартатындай, келер сабаққа ынтық болып күтетіндей дәрежеде құрастыру, оқушыны жаңаны білуге ынталандыратындай етіп ұйымдастыру қажет.

Білім беру жүйесін тиімді ұйымдастыру мектепте ақпараттық білім орталығын құруды талап етеді. Бұл мектептегі әдістемелік техника-технологиялық және ұйымдастыру басқару міндеттерін шешеді. Әдістемелік міндеті мұғалімдерді оқу-тәрбие процесінде коммуникациялық технологияға, ақпараттық ортаны кешенді пайдалануға дайындау, оқушылардың оқу ісін ұйымдастыру формаларын өзгертіп отыруға мектепшілік пәндік, пәндерден тыс дамытуды қамтуға дайындау.

Техника–технологиялық міндеттер: оқытудың электронды әдістемесін құру, мектептік локалдык жүйесін интернет технологиялық базасы арқылы құру, әдістемелік орталықтармен ақпараттық жүйе құру.

Ұйымдастырып басқару міндеттері: мектептің дамуы үшін жаңа функционалдык лауазымдар кіргізу, лауазымдық міндеттеріне өзгерістер енгізу, мектептік әдетке айналған құрылымына өзгеріс енгізуге міндетті.

Координациялық кеңес міндеттері: мектепте жобалық жұмысты ұйымдастыру шарттарын құруды, «уақытша ұжымдастыру» жобаны іске асыру үшін құруды қамтиды; оқу-тәрбие үрдісінде мектептік ақпараттық ресурстардың қолдану шарттарын құрады; білімге қатысты ортақ жоба құру, іске асыру мақсатында отандық және шетелдік партнерлер, әріптестер іздеу, өз мектебін әлемдік ақпараттық кеңістікке шығару, мектепшілік веб-серверіндегі білім ресурстарын толықтыру, оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық коммуникативтік техниканы (АКТ) өз практикалық әрекеттеріне пайдалану.

Координациялық кеңес әдістемелік кеңес негізінде құрылады, әр әдістемелік бірлестік өкілдерінен (жетекшілерімен) құрылады және де информатика мұғалімдері кіреді. Олардың ішінен желілік координаторлар және жоба жетекшілері алынады.

Жобалық топтар, координаторлар, жоба жетекшілері, уақытша оқу ұжымдары және ол ұжымдар жобаны іске асыру уақыты барысында құрылады. Жүйе координаторлары ақпараттық-коммуникативтік технологияны пайдалануға көмек көрсетеді.

Қазіргі кездегі ақпараттану пәндерін оқытудың жаңа сатысы әрине электронды оқулықтарды пайдалану болып табылады. Электронды оқулықты пайдалану білім мен ғылымның қай саласы болмасын компьютер және проектормен жабдықтауды қажет етеді. Кез келген сызбалар, кестелер, тіпті мәтінді де проектор арқылы тақтаға көрсетуге болады. Шет елдік аудиторияларды тақталардың өзі компьютердің үлкен мониторы ретінде жасалады. Бұл біріншіден, оқушының немесе студенттің техникаға деген ынтасын арттырады, екіншіден уақыт үнемделеді, өзіне керекті ақпаратты жазып алудың да қажеттілігі шамалы болады. Оқушы немесе студенттің мүмкіншілігі болса, дәрістің электронды нұсқасын өзінің компьютеріне көшіріп те алады. Электронды оқулықтар институт компьютер жабдықтарына енгізіліп, оның негізі бір жүйеге (сеть) қосылса, бір мезгілде бірнеше студент бірнеше компьютерден оқулықты қарай алады.

Электронды оқулықты кез-келген пәннен жасауға болады, және де жасауға міндеттіміз. Қазіргі таңдағы студенттерге жақсы сапалы білім беру, оқытушының жаңа технологияларды игеруіне, және оны жеткізе білуіне де тығыз байланысты. Оқу мекемелерінде электронды оқулықты пайдаланған студент, ертең мектепке немесе басқа оқу орнына барғанда өз пәні бойынша электронды оқулық жасай алары сөзсіз.

Еліміздің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясында қарастырылған бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан көріну идеясының тікелей амалы да, болашақта өркениетті елдермен терезені тең ұстау қағидасына да білім саласын көтермелеумен, оның мемлекет тарапынан қолдауымен тығыз байланысты десек болады. Шындығында, ғылыми бәсекеге төтеп берудің жолы көбінесе білім сапасына байланысты болып отырады. Бірақ, білімнің сапасы қандай білім берілгендігіне байланысты емес, сол білімді сананың қаншалықты қабылдай, сіңіре алғандығына да байланысты. Ендеше, қазіргі заманғы білім бәсекелестігінде екі негізгі мәселе айқындалған деп айтуға негіз бар. Бұның бірі – білімнің сапалы іргетасын қалап, сол арқылы үздіксіз білім беру болса, екіншісі заман ағымынан қалай адамды өмір бойғы оқыту. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған «Білімді дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында» білім мен ғылымның қай саласы болмасын қазіргі таңдағы озық технологиялар мен озық ақпараттық технологияларды жан-жақты қолдану басты назарға алынған. Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудегі басты нысана да ақпараттық технологияларды толық игеруден көрінеді.

Ақпараттық білім беру кеңістігінде негізгі құрал компьютер болып табылады. Сондықтан компьютерлік технологияның оқытуды тиімді ұйымдастыруда алатын ролі зор. Оқытудың компьютерлік технологиясы – оқытудың бағдарламалық идеяларын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдар ашады.

Оқытудың компьютерлік технологиясы – мәліметтерді компьютер көмегімен даярлау және беру процесі. Бұл технология материал мазмұнын кейбір модельдерді пайдалануға негізделді.

Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Сол себепті педагогикалық үрдісті технологияландыру мәселесі маңызды болып саналады. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болуда. Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды. Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, информатикадан сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Компьютерлік технологияны қолдану өздігінен сабаққа дайындалу деңгейін арттырады; оқу үрдісін жүргізуді қызықты етеді; шығармашылық жағынан бұрын болмаған кәсіби дағдыларды қалыптастыратын жаңа мүмкіндіктер тугызды.

Сонғы жылдары информатиканы оқыту жүйесінде гана емес білім беру жүйесінде компьютерлік техниканы пайдалану белсенді түрде жүзеге асырылуда. Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз – оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі есептеуіш техниканың техникалық құралдары, олардың ролі мен орны туралы ғылыми білімнің жүйесін және оқытушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады. Яғни, ақпараттық технология – білім беру мекемесі мамандарының жұмысын жүзеге асырушы әдістер мен формалар және балаларға білім беруші құрал.

Ақпараттық технология қызметінің құралы ретінде жаңа ақпараттық технологияның компьютерлік құралдары қолданылып жүр, алайда заман талабына сай компьютерлік техниканың дамып жетілуіне байланысты ғылыми сипаттағы компьютерлік бағдарламаларды жасау керек және ол оқушының іс әрекетінің интеллектуалды құрылысымен сәйкес келуі тиіс.

Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың бірнеше бағыттары көрсетілген, солардың ішінде мектептегі оқу практикасында қажеттілерінің негізгілері мыналар: компьютер - оқушы білімін бағалау құралы; компьютерлік модельдеуді қолданатын зертханалық практикум; мультимедиа-технология, жаңа материалды түсіндірудегі иллюстрациялық құрал; дербес компьютер, білім жетілдіру құралы.

Мұғалім жұмысы практикада оқушы білімін бағалау үшін алатын тақырыптық тестерден көрінеді. Тест көзі мультимедиа компакт-дискілер немесе интернет желісі болуы мүмкін.

Бұдан басқа да, тест генераторлары деп аталатын тестілеуші бағдарламалар құруға болатын арнайы компьютер бағдарламалары (қосымшалар) бар. Бұл жағдайда мұғалім тесттің сұрақтарын және барысын өздігінен таңдап алады.

Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар оқу материалдарын иллюстрация жасау кезінде (мысалы анимациялы слайд-фильмдер) қолданылады. Бұл оқу үрдісін қозғалыста бейнелеуге мүмкіндік береді. Компьютердің көмегімен дыбыстық және бейнефрагменттерді де демонстрация жасауға болады.

Ақпараттық қоғамның дамуына байланысты мектептегі қайта құру, оқытудың мақсатын, мазмұнын, тәсілін және компьютерлік технологиямен оқу үрдісін ұйымдастыру шараларын түбегейлі өзгертуді талап етеді. Білім беруді ізгілендіру, демократияландыру және саралау жаңа оқу мазмұнының ұстанымдары, сонымен бірге ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескеру, алға қойған педагогикалық мақсатқа жетудің ең тиімді жолы болып есептеледі.

Қазіргі кезде компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге қашықтан оқыту үрдісі де дамып келе жатыр. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін оқушы өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді. Немесе бірлескен телеконференцияларға, олимпиадаларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан, әрі қалаған уақытында оқуына, тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді.

Сонымен жалпы білім беретін мектептегі ақпараттық білім беру кеңістігіндегі негізгі құрал компьютердің көмегімен жүзеге асырылатын компьютерлік технологияны мұғалімдердің жетік меңгеруімен байланысты оқу үрдісін тиімді басқарып және ұйымдастыруының нәтижесінде заманауи талапқа сай білім көрсеткіші аратыны сөзсіз деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] King, W.R., and W. Lekse. 2006. Deriving managerial benefit from knowledge search: A paradigm shift *Information and Management* 43(7): 874–883.

[2] Жадрин М.Ж. Развитие компетенций в условиях профильного обучения // *Открытая школа*. - 2006. - №1 (50). - С. 3-7.

[3] Кудайкулов М.А., Нурпеисова С.А., Кудайкулов С.М. Дидактическая технология инновационного обучения: учебно-методическое пособие. - Алматы: 2011. - 162 с.

REFERENCES

[1] King, W.R., and W. Lekse. 2006. Deriving managerial benefit from knowledge search: A paradigm shift *Information and Management* 43(7): 874–883.

[2] Zhadrina M.Zh. Razvitie kompetencij v uslovijah profil'nogo obuchenija // *Otkrytaja shkola*. - 2006. - №1 (50). - S. 3-7.

[3] Kudajkulov M.A., Nurpeisova S.A., Kudajkulov S.M. Didakticheskaja tehnologija innovacionnogo obuchenija: uchebno-metodicheskoe posobie. - Almaty: 2011. - 162 s.

З.Т.Суранчиева, А.С.Маханова

Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ И УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМ ПРОЦЕССОМ В ИНФОРМАЦИОННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Аннотация. В современных педагогических концепциях обучение перестает рассматриваться только как процесс передачи знаний от учителя ученику. Определяющей тенденцией современного обучения является переход к личностно-ориентированной системе образования, что можно обеспечить с помощью информационных и коммуникационных технологий (ИКТ). Подобные технологии активно применяются для передачи информации и обеспечения взаимодействия преподавателя и обучаемого в современных системах открытого и дистанционного образования. Современный преподаватель должен не только обладать знаниями в области ИКТ, но и быть специалистом по их применению в своей профессиональной деятельности.

Ключевые слова: информационно-коммуникативные технологии, развивающие игры, интерактивные методы, дистанционное обучение, обучение детей с ограниченными возможностями здоровья.